

Жас келсе, іске!

Өнерімен елге танылған жас маман Азат Тобылұлының алар асуы биік



Дипломмен ауылға

Азат Тобылұлы – жас болса да халқының қалаулысына айналған тұлға.

Оның ерекше дауысы, өнері мен таланты біздің ауданның тұрғындарына етене таныс. Бүгінде «Юбилейный» мәдениет үйі директорының міндетін атқарушы. Азат Тобылұлына жолығып, өмірі мен өнері жайлы әңгімелескен болатынбыз.

- Қайырлы күн, алтын уақытыңызды бізге арнағаныңызға



Жанат Мұхитдинқызына шексіз ризашылығымды білдіргім келеді.

- Алға қойылған арман, мақсат-жоспарлар қандай?

- Алға жетелейтін арман жетерлік, қойылған мақсат анық. Ата-анамның жерлестерімнің үмітін ақтасам деймін. Туған ауданымның гүлденуіне бір тамшы болса да, үлес қосып, абыройлы еңбек еткім келеді. Мәдениет саласына көңіл бөліп, мәдени игіліктерге қол жеткізсек деген ниет бар. «Белсенді еңбек белеске шығарады» деп жатады ғой, адал еңбек етіп, ауданымыздың мәдениетін одан әрі дамытсақ, шығармашылығымызға жаңашылдық еңгізсек деген де тілек бар.

Барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етсек, шір

Азат Тобылұлымен сұхбат кезіндегі сәт

мың алғыс. Бізге өскен ортаңыз, ата-анаңыз, отбасыңыз жайлы айта кетсеңіз?

- Мен талай мықтылар шыққан, табиғаты сұлу Меңдіқара ауданының Төлеңгіт ауылында дүние есігін аштым. Бала кезден өнерге жақын болдым. Өйткені, өнерлі жанұяда өмірге келдім, өстім, тәрбиелендім. Ата-анам өнерімен елге таныған, ән мен күйдің қадірін түсінетін, музыканы бағалай білетін жандар. Бүгінде өз еліне өнерін сыйлап жүрген – Тобыл мен Нұржамал Болатовтар менің ата-анам екендігін мақтанышпен айтқым келеді. Ауданға талай жыл еңбектерін сіңіріп, бүгінде хаықтың ыстық ықыласына бөленіп жүр. Жалпы, отбасында жеті ағайындамыз. Барлығымызда өнерден құр алақан емеспіз. Бауырларымның барлығы өнерге жақын жандар.

- Қай мектепті, қай оқу орнын тәмамдадыңыз?

- Төлеңгіт ауылында дүниеге келсем де, мен Михайлов орта мектебінде білім алдым. Бала күнімде аталмыш ауылға ата-анам қоныс аударған болатын. Михайлов ауылында, шығармашылығымызды бастадық. Сол ауылдың мектебінен түлеп ұшып, арман қуып 2011 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық инсти-

тутына оқуға түстім. Музыкалық білім алып, 2015 жылы қолыма дипломды алдым, жоғары мамандықтың иесі атандым. Өнерлі отбасында дүниеге келдім, бала кезден музыкаға құмар болдым. Соңдықтан музыка саласын таңдадым десем қателеспеген болармын.

- Байқауларға қатысып, бағыңызды сынаған кездер болған шығар және тәлімгеріңіз кім?

- Әрине, бағымызды сынайтын, өнерімізді шыңдайтын байқаулар болды. Қазылар өнерімізді сынаған да, бағалаған да байқаулар жетіп артылады. Бауырым екеуіміз Х-Фактор жобасына да қатыстық, үлкен сахналарға шықтық. Өзімізді сынап, өнерімізді шыңдаған кездер көп болды. Тәлімгерім де, өнерге шыңдаған да, басты сыншым, ақылшым да әкем. Әкемнен тағым алып, күні бүгінге дейін бой түзеп келемін. Бүгінде әкемнің арқасында өнерге адал қарап, ел үшін қызмет жасап жүрмін. Ата-анамның жете аламаған жетістігіне қол жеткізіп, биік белестерден көрінсем деген тілегім де бар.

- Азат Тобылұлы, бүгінгі таңда атқарып жатқан қызметіңіз жайлы айтып өтсеңіз?

- Ең бастысы мен өнерпазбын. Алланың бойыма берген өнерін бағалап, өз тыңдарманымды қуанытып, әркез халқымның қошеметіне бөлену мен үшін үлкен қуаныш. Ал, қызметім жайлы айтатын болсақ, мен «Юбилейный» мәдениет үйінде еңбек етіп жатырмын. Бүгінгі таңда директордың міндетін атқарушымын. Маған сенім артқан жандарға, әріптестеріме үлкен ризашылығымды білдіремін. Жауапкершілікпен қажырлықты талап ететін еңбектің жүгін арқалап, абыроймен туған ауданымның ертеңі үшін жұмыс жасаудамын. Алдағы күндерде өнерге қуат беріп, жақсы жұмыстар атқарып, оң нәтижесімен бөлісемін деген ойдамын.

- Студенттік кездеріңіз қалада өтті, бір кездері Алматы қаласында болғаныңызды да білеміз. Қаладан ауылға оралып, ауылды жерде еңбек ету қалай, қиындық туғызбайды ма?

- Ауылда туып-өскен қарапайым азаматпын. Туған ауданымда еңбек атқарып жүрмін. Жанашырларым да, өнерімді сыйлап, құрметтейтін халқым да бар. Ең бастысы әке-шешем жанымда. Сол кісілердің амандығын тілеп, жетістігіммен



Оның ерекше дауысы, өнері мен таланты біздің ауданның тұрғындарына етене таныс

қуанту мен үшін бақыт. Туған ауданымда еңбек етіп жатқаным мақтанамын. Әрине, ауылда еңбек етудің өз қиындықтары да бар. Дегенмен, ынта-жігерің алға жетелесе, еш қиындыққа қарамайсың. Бүгінгі таңда талай мықты өнерпаздар еңбек етіп жүрген, қаймағы бұзылмаған

мәдениет ошағында еңбек жасаудамын. Әріптестерім өз ісінің мамандары, ағалық, апалық ақылдарын аямай қолдау көрсетіп жүрген жандар да бар. Сондай кісілердің бірі – Жанат Тәженова. Ол кісі өз ісінің нағыз майталманы болса, менің қолдаушым десем артық айтпаған болармын. Осы сәтті пайдаланып

шығарып еңбек етсек, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

- «Жас келсе іске» деп айтқандай, ауданымызда осындай өнерлі жастардың бары қуантады. Дегенмен, жастар үшін басты проблемалардың бірі – баспана мәселесі. Сізге баспана мәселесі қалай?

- Жұмыс істеймін деген ниеті бар жастарға жұмыста, баспана да табуға болады. Жастардың білім алуына, өз-өздерін қалыптастыру мен табысты еңбек етулеріне мүмкіндіктер бар. Мемлекет тарапынан жастар үшін көп мүмкіндік пен бағдарламалар қарастырылған. Сондай бағдарламалардың бірі – «Дипломмен-ауылға» бағдарламасы. Аталмыш жоба бүгінгі таңда жақсы іске асырылып, қаншама жас маман ауыл-ауылдарда еңбек етіп, өз баспаналарына қол жеткізуде. Бүгінде менде аталмыш бағдарламаның жемісін көріп отырмын. «Дипломмен-ауылға» бағдарламасының арқасында мен өз баспанама қол жеткізіп, өз шаңырағымның иесі атандым.

- Азат Тобылұлы, сұхбатыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Сізге шығармашылық табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ